

2016 жылға арналған өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түрлері бойынша егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 13 қыркүйектегі № 222 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 12 қазанда № 6647 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" 2004 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Қарабалық ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2016 жылға арналған Қарабалық ауданының аумағында өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түрлері бойынша егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау ауыл шаруашылығы мәселелерін жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 5 мамырдан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Аудан әкімі

K. Fабдулин

Әкімдіктің

2016 жылғы 13 қыркүйектегі

№ 222 қаулысына қосымша

Қарабалық ауданының аумағында өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түрлері бойынша егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері

№	Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түрі	Егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуы
II дала аймағы		
1	Жаздық бидай	2016 жылғы 15 мамырдан 2 маусымға дейін
2	Жаздық арпа	2016 жылғы 15 мамырдан 10 маусымға дейін
3	Сұлы	2016 жылғы 15 мамырдан 10 маусымға дейін

4	Тары	2016 жылғы 20 мамырдан 10 маусымға дейін
5	Бұршақ	2016 жылғы 15 мамырдан 5 маусымға дейін
6	Рапс	2016 жылғы 20 мамырдан 28 мамырға дейін
7	Күнбағыс	2016 жылғы 5 мамырдан 17 мамырға дейін
8	Аңқа	2016 жылғы 15 мамырдан 25 мамырға дейін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК